



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

“ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ: ОРТАҚ БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ” АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

“МЕКТЕП - ЖОО” БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУДАҒЫ  
ӘЛЕУМЕТТІКСЕРІКТЕСТІКТІҢ РОЛІ” ДИАЛОГТЫҚ АЛАҢЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО ФОРУМА  
“АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО ПАРТНЕРСТВА  
В СФЕРЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ: СОВМЕСТНЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ”

ДИАЛОГОВАЯ ПЛОЩАДКА  
“РОЛЬ СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА В УПРАВЛЕНИИ ИННОВАЦИЯМИ В  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ “ШКОЛА - ВУЗ”

COLLECTION OF MATERIALS OF THE INTERNATIONAL FORUM  
“ACTUAL PROBLEMS AND PROSPECTS OF STRATEGIC PARTNERSHIP  
IN THE FIELD OF HIGHER EDUCATION: JOINT EDUCATIONAL PROGRAMS”

DIALOGUE PLATFORM  
«THE ROLE OF SOCIAL PARTNERSHIP IN THE MANAGEMENT  
OF INNOVATIONS IN THE EDUCATIONAL SPACE «SCHOOL - UNIVERSITY»



Қостанай, 2018  
Костанай, 2018

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ**

**«ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
СЕРІКТЕСТІКТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ:  
ОРТАҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ФОРУМ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**«МЕКТЕП-ЖОО» БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ  
БАСҚАРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ РОЛІ»  
ДИАЛОГТІК АЛАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО ФОРУМА  
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО  
ПАРТНЕРСТВА В СФЕРЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ: СОВМЕСТНЫЕ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ»**

**ДИАЛОГОВАЯ ПЛОЩАДКА  
«РОЛЬ СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА В УПРАВЛЕНИИ ИННОВАЦИЯМИ В  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ «ШКОЛА-ВУЗ»**

**COLLECTION OF MATERIALS OF THE INTERNATIONAL FORUM «ACTUAL  
PROBLEMS AND PROSPECTS OF STRATEGIC PARTNERSHIP IN THE FIELD  
OF HIGHER EDUCATION: JOINT EDUCATIONAL PROGRAMS»**

**DIALOGUE PLATFORM  
«THE ROLE OF SOCIAL PARTNERSHIP IN THE MANAGEMENT OF  
INNOVATIONS IN THE EDUCATIONAL SPACE «SCHOOL - UNIVERSITY»»**

ҚОСТАНАЙ, 2018  
ҚОСТАНАЙ, 2018

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Ахметов Тілеген Әлмұханұлы**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Даумова Батима Бексултанқызы**, Қостанай облысы білім басқармасы «Қостанай индустриалдық-педагогикалық колледжі» МКҚК директоры, PhD докторы;
- **Оспанов Серікбай**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының профессоры, аға ғылыми қызметкер, филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Айдналиева Назгүл Аманжолқызы**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психология және педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Өтегенова Бибігүл Мазанқызы**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Онищенко Елена Анатольевна**, Қостанай қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығы филиалының директоры;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы**, педагогика ғылымдарының магистрі.

**Ж 78** «Жоғарғы білім беру саласындағы стратегиялық серіктестіктің өзекті мәселелері мен перспективалары: ортақ білім беру бағдарламалары» = «Актуальные проблемы и перспективы стратегического партнерства в сфере высшего образования: совместные образовательные программы» – Қостанай, 2018. – 98 б. – қазақша, орысша.

**ISBN 978-601-7934-60-6**

«Жоғарғы білім беру саласындағы стратегиялық серіктестіктің өзекті мәселелері мен перспективалары: ортақ білім беру бағдарламалары», «Мектеп-ЖОО» білім беру кеңістігінде инновацияларды басқарудағы әлеуметтік серіктестіктің ролі» Халықаралық форумы аясында өткен «Білім беру кеңістігінде инновацияларды басқарудағы әлеуметтік серіктестіктің ролі» диалогтық алаңының материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: ЖОО және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен «Педагогикалық шеберлік орталығы» филиалының мамандары жоғарғы білім берудің заманауи реформалары контекстіндегі білім берудегі өзгерістер мен сабақтағы білім беру әдістерімен бөлісті. Алаңдағы талқылауға негіз болған тақырып – қазіргі заманғы білім беру мазмұнына инновацияларды енгізу мен оны модернизациялау міндеттерін жүзеге асырудағы педагогикалық жоғарғы оқу орны мен мектептің әлеуметтік серіктестігі.

Бұл жинақ жоғарғы оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және студенттерге арналған.

В сборник включены материалы диалоговой площадки «Роль социального партнерства в управлении инновациями в образовательном пространстве «Школа-ВУЗ» Международного форума «Актуальные проблемы и перспективы стратегического партнерства в сфере высшего образования: совместные образовательные программы».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и специалисты филиала «Центра педагогического мастерства» поделились опытом исследовательских практик, изменений в преподавании на основе современных реформ общего и высшего образования. Основным вопросом обсуждения на площадке было социальное партнерство педвуза и школы по реализации задач модернизации и внедрения инноваций в содержание современного образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, студентов.

ӘОЖ 37.8  
КБЖ 74.58

**ISBN 978-601-7934-60-6**

©Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2018  
©Костанайский государственный педагогический университет,  
2018

## КЕҢЕС ОДАҒЫ ҒАЛЫМДАРЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТУРАЛЫ (1945-1997 ж.ж.)

Ахметов Тілеген Әлмұханұлы  
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Кеңестер одағы кезінде одақтас республикалардағы педагог-ғалымдардың түгеліне жуығы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық іс-тәжірибесіне жіті үңіліп, өз жұмыстарына ұтымды пайдалана білді. Себебі ол кезеңде оқыту үрдісінде озық тәжірибе, үлгілі іс өте аз еді.

Одақтас республикалардың оқытушы ғалымдары Ыбырай Алтынсариннің мол тәжірибесін қорытындылап, зерттеп, сабақ беру жүйесіне енгізулерінің өзі – ұлы ұстаздың кеңестік дәуірдегі аса үлкен беделін көрсетеді.

Революцияға дейінгі кезеңнің өзінде Ыбырай Алтынсариннің есімі қазақ даласында ғана емес Ресейдің Қазақстанмен шекаралас облыстарында да кеңінен таралғандығы белгілі. Осы жағдайға біраз дәлелдер келтірелік.

Ресей ғалымдарының қазақ халқының этнографиясы мен тарихын, тілін, әдебиетін жинап, зерттеп-зерделеуі ХІХ ғасырдың орта кезінен басталады. Бұл салада, әсіресе, Ә.Диваев, В.В.Радлов, Г.Н. Потанин, И.Н.Березин, В.В.Катаринский, П.М.Мелиоранский, Я.Лютш, М.Терентьев, А.Е.Алектров, А.В.Васильев, Н.И.Ильминский және тағы басқалар зор еңбек сіңірді.

1850 жылы Орынборда қазақ балаларына арналып ашылған 7 жылдық мектепті 1857 жылы үздік бітірген Ыбырай Алтынсарин Орынбор бекінісіне (Торғайға), Шахмұрат Құлыбеков Орал бекінісіне (Ырғызға), Нұрым Мұңсызбаев Троицк қаласына мұғалімдікке жіберілді.

Сол кезде Орынбор қазақтары облыстық басқармасың бастығы В.Григорьев, Орынбор және Самара Генерал-губернаторына Орынбор шекара аймағының бастығы Генерал-майор Данзаспен келісе отырып мынандай ұсыныс-хат жазады: «...Хорунжий Алтынсарин Орынбор бекінісіне бекініс Бастығының аудармашысы лауазымына және қазақ балалары үшін сонда ашылатын мектепке, орыс және қырғыз тілінің мұғалімі қызметіне жіберілді...» [1].

Орыс оқығандарына Ыбырай Алтынсарин есімі сол тұста ғана жаңа таныла бастаған еді.

Н.И.Ильминский Орынбордағы қазақ балаларына арналып ашылған мектепті бітірген Ыбырай Алтынсаринді білетінін, онымен екі жыл бірге болғанын, ол жоғары дәрежедегі қабілетті, білуге құмар, кішіпейіл, адал, ақылды, ойлы, өз халқының патриоты екенін, ерекше ықыласпен жазылған хаттарын алып тұрғанын айтып: «Егер Алтынсарин өзінің сол кездегі жақсы

қасиеттерін бойында сақтап қалса, Торғай облысының қазақ мектептеріне пайдалы, жарамды адам, болар еді», – дейді [2].

Ыбырай есімі орыс оқығандарына 1979 жылы «Қазақ хрестоматиясы» жарық көргеннен кейін кеңінен танылды. Өйткені орыс басылымдарында да, қазақ газеттерінде де қазақ тілінде шыққан тұңғыш оқулық жайында мақалалар беріле бастады. Әсіресе, «Оренбургский листок» газетінде Ыбырай есімі жиі аталатын болды, кейін мақалалары жарық көріп тұрды.

Қазан төңкерісіне дейін Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы, қызметі, ашқан мектептері жайында көлемді екі кітап оқушылар қолына тиді. Солардың бірі 1891 жылы қазанда шыққан, профессор Н.И.Ильминскийдің «Воспоминание об И.А.Алтынсарине» кітабы. Көлемі – 39 бет.

Екі сыныптық Қостанай орыс-қазақ мектебінің оқытушысы Ф.Д.Соколов: Ыбырайдың мұғалімдермен жылы әңгімелесіп, көпшілік алдында олардың беделін көтере сөйлейтінін, басқалардан да мұғалімдерге міндетті түрде құрметпен қарауды талап ететінін еске алып, «Ол мұғалімдермен сұхбаттасқанда олардың оқу ісіне деген құштарлығын оята білетін» деп ерекше қасиетіне де тоқталып өтеді... «Алдына қай кезде, қандай жұмыспен барсаң да ол кісі шынайы тілектес болып, ақыл-кеңесін, не көмегін аямайтын. Қазақ халқы оны аса құрмет тұтатын», – дейді.

Екі сыныптық Ақтөбе орыс-қазақ мектебінің оқытушысы А.А.Мазохин: «Алтынсариннің әкелік қамқорлық, мейірбан хаттары бойыма батылдық ұялатып, молдалардың біржолата бетін қайтаруды ойладым... Молдаға балаларды намазға таяқпен емес, шарифаттың күшімен тарту керек дегенді талай айттым, бірақ тыңдар молда болмады» [3], – деп ағынан жарылады.

Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы, ашқан мектептері, ағартушылық жолы кеңінен әңгіме болатын екінші көлемді еңбек – А.В.Васильевтің 1896 жылы Орынбордан шыққан «Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние» кітабы. Көлемі – 226 бет.

Орынбор өлкесі және XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихына байланысты тарихи, этнографиялық бірнеше ғылыми еңбек жазған ғалым А.Е.Алекторовтың Ыбырай ашқан мектептер жайындағы туындылары да аз емес.

«И.Алтынсарин, – писал он – был первый из среды киргизов, вносящих свет цивилизации европейской и любви к России в среду своего племени... Наиболее блестящим представителем киргизского народа со стороны литературного творчества может быть назван И.Алтынсарин» [4].

«Очерк народного образования в Тургайской области. Летопись 1744-1898 г.г. [Оренбург, 1900]», – кітабының 89, 92, 95 беттерінде Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі жайында сөз болса, «Қазақтар туралы кітап, журнал және газеттердегі мақалалар ең жазбаларының



көрсеткіші, [Қазан, 1900] жинағына Ыбырай кітаптарын да енгізген, 104-105 б.б.), «Журнал Народного просвещениед» жарияланған «Очерк из истории развития инородческого образования в России» мақаласында Ы.Алтынсариннің Торғай облыстық халық училищелерінің инспекторы болып тағайындалуы мен ағартушылық қызметі айтылады [5].

«Ыбырай Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы» кітабында: Ыбырай Алтынсариннің еңбектері Қазан төңкерісіне дейін үш рет жеке кітап болып басылса, кеңестік дәуірде ондаған жеке кітаптар, жинақтар болып, антологиялар мен хрестоматияларға, оқулықтарға енді. Бұл еңбектер ҚазКСР ОМ мұрағатының 1885-1890 жылдар аралығын қамтитын 733, 45, 1692-қорларындағы деректерге және Орынбор облысының 1846, 1862-1864 жылдарды қамтитын 6 қордағы мәліметтерге негізделіп жазылған [6], – делінеді.

Мұның себебі – Орынбор ол кезде Қазақстанның астанасы болды, Ыбырай сонда оқып, білім алды. «Қазақ хрестоматиясы» тұңғыш 1879 жылы да, 1909 кейін 1909 жылы да Орынбор қаласында жарық көрді. Жалпы Ресейдегі қазақ тарихына қатысты материалдар негізінен Орынборда жинақталды.

Кеңес дәуірінде де Ресей мен Қазақстан арасындағы мәдени, әдеби, ғылыми байланыстар толастамай, қайта ілгері баса түсті.

1945 жылы жазылған профессор А.Ф.Эфировтың Ыбырай Алтынсарин жайындағы көлемді мақаласында ол ашқан Орынбор бекінісіндегі (Торғайдағы) мектептердің мақсаты, ондағы оқу-тәрбие жұмыстары, ағартушылық қызметі, педагогикалық көзқарастары, шығарған оқулықтары кеңінен талданды.

Ы.Алтынсарин ашқан оқу орындарына сапасы жағынан сол кезеңдегі орыс оқу орындарымен иық теңестіре алады деген баға берілді [7].

А.Ф.Эфиров 1948 жылы жазған «Нерусские школы Поволжья» кітабында да: «Главная заслуга Ибрая Алтынсарина, – пишет А.В. Эфиров, – состоит в том, что по его инициативе и благодаря его самоотверженной деятельности в казахской степи возникла система двухклассных и одноклассных (четырёхлетних) школ-интернатов, приспособленных для обучения детей кочевого населения» [8].

А.Ф.Эфиров пен М.К.Бакиев бірлесіп жазған «Очерк по истории педагогики» кітабының «Школа и педагогическая мысль нерусских народов России во второй половине XIX века» бөлімінде де Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі, педагогикалық өзіндік ой-пікірлері сөз болады. Алтынсарин балаларға саналы білім ғана беріп қоймай, саналы тәрбие де берді. Ол мектептің тәрбие жұмысына баса назар аударды. Балалардың жүрегіне өз халқына деген махаббат нұрын құйып, елге шексіз беріле қызмет етуге баулыды... Сондықтан да Ыбырайдың өз шәкірттері туралы «болашақта олар парақор болып шықпас үшін адамгершілік тәрбиеге де бар күшімді салдым», – деп жазды [9].

Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы, жарық көрген еңбектері жайында өзінің көзін көрген, қызметтес болған әріптестері, сол кезеңдегі сыншы, ғалымдар егжей-тегжейлі зерттеп жазып кеткендіктен болар, кеңес дәуірінде ұлы ұстаз жайында орыс ғалымдары елеулі көлемді еңбек шығара қоймады. Алайда төменде біз келтірген ұжымдық жинақтарда, газет-журналдарда Ыбырайдың қысқаша өмірбаяны мен өлеңдері жиі шығып тұрды:

1. Зеленский К. Литература народов СССР (статья) М., Госполитиздат, 1957. Упомянется об Алтынсарине, с.187.

2. И.Алтынсарин – В кн.: История политических учений. Под ред. проф. Н.А. Могичева ч.1. М., 1959. с.463-464.

3. История философии В. 4-к.т. ред. М.А. Дынника и др., т.2. М., 1957. с.422-423.

4. Ибрай Алтынсарин В кн. История.

5. Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924 г.г.) М.. издательство АНГФССР, Об И. Алтынсарине, 1960. с.86-87, 90, 91, 92.

6. Алтынсарин И. – В кн. Краткая литературная энциклопедия. Т.1.М., 1962. с.166.

7. Народы Средней Азии и Казахстана. Этнографические очерки. Т.2.М., издательство АН СССР, 1963. Педагогическая и литературная деятельность И. Алтынсарина, с.347,480, 481, 483, 494, 498.

8. Ибрай Алтынсарин. В кн. Литература народов СССР. Хрестоматия для вузов. Издательство 3-е, перераб., ч2. М., 1971, с. 229-230.

9. Ибрай Алтынсарин – В кн.: Константинов Н.А. и др. История педагогики. Учебник для пед.ин-тов. Изд. 4-е доп. и переработанное, М., «Просвещение», 1974. с. 282-283.

10. Покровский С.А. И. Алтынсарин – В кн: История политических учений (учебное пособие юрид. институтов и факультетов). Под. ред. Н.А. Могичева. М., 1965. с.423.

11. Константинов Ф.В. (Алтынсарин) [текст] / Ф.В.Константинов // Философия энциклопедия: М.: Советская энциклопедия, 1960-1970 гг.

12. История СССР. С древнейших времен до наших дней. Серия первая. Т.5.М., 1968. Упоминание об И. Алтынсарине, с.А1, 671.

13. Энциклопедия и словари (Ибрагим, биография) [текст] [Электронный ресурс] // Советская историческая энциклопедия, М. 1957. Режим доступа: [http://encdic.com/enc\\_biography/Altnsarin-93034.html](http://encdic.com/enc_biography/Altnsarin-93034.html).

14. Энциклопедия и словари (Алтынсарин Ибрай) [текст] [Электронный ресурс] // Современная энциклопедия: М. Режим доступа: [http://encdic.com/enc\\_biography/Altnsarin-93034.html](http://encdic.com/enc_biography/Altnsarin-93034.html).

15. Энциклопедия и словари (Алтынсарин Ибрай, биография) [текст] [Электронный ресурс] // Педагогический словарь: М. – Режим доступа: [http://encdic.com/enc\\_biography/Altnsarin-93034.html](http://encdic.com/enc_biography/Altnsarin-93034.html).

16. Энциклопедия и словари (Алтынсарин Ибрай, (1841-89)) [текст] [Электронный ресурс] // М. – Режим доступа: [http://encdic.com/enc\\_biography/Altnsarin-93034.html](http://encdic.com/enc_biography/Altnsarin-93034.html).

17. Энциклопедия и словари Психолого-педагогический словарь Алтынсарин Ибрай (1841-1889 гг: биография и творчество) [Электронный ресурс] // М. – Режим доступа: [http://encdic.com/enc\\_biography/Altnsarin-93034.html](http://encdic.com/enc_biography/Altnsarin-93034.html).

18. Энциклопедия и словари (биография Алтынсарина) [текст] [Электронный ресурс] // Большая биографическая энциклопедия: М. – Режим доступа: [http://encdic.com/enc\\_biography/Altnsarin-93034.html](http://encdic.com/enc_biography/Altnsarin-93034.html).

19. Прохоров А.М. (биография Алтынсарина) [текст] / А.М. Прохоров // Большая советская энциклопедия: М.: Советская энциклопедия, 1970. с.463-464.

20. Прохоров А.М. (биография Алтынсарина) [текст] / А.М. Прохоров // Большой энциклопедический словарь: М.: Советская энциклопедия, 1991. Т.1.с.41

21. Прохоров А.М. (биография Алтынсарина) [текст] / А.М. Прохоров // Большой энциклопедический словарь: А-Я; Санкт-Петербург: Большая Российская энциклопедия, 1997. с.38.

22. Алтынсарин И. (1841-1889) – Большая советская энциклопедия, Т.1.М., 1996. с. 418.

23. Упоминание об И. Алтынсарине, как просветителя. с.118.

24. Брежнев Л.И. Великое торжество народов, рожденное социализмом. Речь на торжественном заседании ЦК КП – Казахстана и Верховного Совета Каз ССР, посвященном 50-летию Каз ССР и Компартии Казахстана 28 августа 1970 года. – В кн: Брежнев Л.И. Ленинским курсом. Речь и статьи, т3. М., 1972.

Бұл еңбектер көбінесе Ы.Алтынсариннің қысқаша өмірбаяны мен ағартушылық қызметі, шығармашылығы, шыққан кітаптары жайында. Барлығында дерлік бірін-бірі қайталайтын бір-бірімен мазмұндас материалдар болғандықтан, оларға жеке-жеке тоқталып жатпадық. Алайда, Ыбырай өмірі мен шығармашылығын, ағартушылық жолын, шыққан кітаптарын білмейтін оқырмандар үшін танымдық, тағылымдық мәні бар, әсіресе кейінгі ұрпақ жадында сақтаулына қажет мәліметтер бар.

Е.Р.Артамонова (Владимир қаласы) «Кеңестік жас ерекшелік және педагогикалық психологиядағы Ы.Алтынсариннің психологиялық-педагогикалық мұрасының сабақтастығы» мақаласында Ы.Алтынсариннің туған, қайтыс болған жылдарын көрсетіп, оның Қазақстанның педагогикалық психологиясының негізін қалаған ұлы ұстаз екенін, өскелең ұрпаққа білім, тәлім-тәрбие берудегі оның баға жетпес еңбектері Қазақстан педагогикасын дамытуға қосқан өлшеусіз үлес болып табылатынын, ұлы ұстаздың жаңашыл идеялары ХХ ғасыр ғалымдарының еңбектерінде жалғасын тауып отырғанын айтады.



К.Д.Ушинскийдің ізбасары П.П.Блонский Ыбырай Алтынсариннің «Балаға білім мен тәрбие беруді оның жасына қарай, қалыптасқан психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізген дұрыс» деген идеясын толығымен қуаттайды.

Бұл ғалым (Ы.Алтынсарин) педагогикалық психологияны зерттеуді баланың жасына қарай жүргізіп, сараптаған болатын», – дей келіп автор П.П.Блонский баланың өсіп-өркендеуі мен ақылының толығуы оның танымдық психологиясына байланысты болатынын жан-жақты көрсеткендігі баян етіледі. Ы.Алтынсариннің де, П.П.Блонскийдің де еңбектерінде жеке тұлғаның қалыптасуына, оның психологиясының дамуына баланың өскен әлеуметтік ортасының маңызы зор екендігі дәлелденетінін тәптіштеп түсіндіреді. Сөйтіп, екеуінің де айтқан пікірлері бір-бірімен сабақтасып, үндесіп жатқанын нақтылай көрсетіп, болашақта балаға білім мен тәрбие беру ісінде оқушылардың әлеуметтік ортасына тәуелділігін барынша бәсеңдету керектігін ескертеді.

Автор ұлы ұстаздар Ы.Алтынсарин де, П.П.Блонский де өз зерттеулерінде балаға білім мен тәрбие беруде ұстаз рөліне ерекше мән бергендерін, ұстаз бен оқушы арасындағы өзара түсіністікке, ұстаз өз шәкіртін түсіну үшін тұрақты түрде білімін арттырып, аянбай еңбек етуі керектігіне көңіл бөлген жағдайда ғана өзара сыйластық қатынас орнайтынын айтқандарын оқушыларына пысықтай жеткізеді. Ы.Алтынсарин сияқты П.П.Блонский де бала тәрбиесіндегі діннің рөліне ерекше мән бергенін, діни фанатизмнің халықтың көзін ашып, көкірегін оятуға басты кедергі екенін айқын жазғанын да қалтарыс қалдырмайды. Мақала соңында Ы.Алтынсариннің «Халыққа жақсы білім беру үшін олардың дінге деген көзқарастарын материалистік жолға салу керек», – деген сөзі келтіріліп, «осы ойды П.П. Блонский де толық қуаттайды» дейді [10].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Орынбор облыстық мемлекеттік архиві. 6-қор, 10-тігін, 7489-іс, 28 б.
2. Қазан архиві, 968-қор, 1-тігін, 16-іс, 1-2 б.
3. Ильминский Н. Алтынсарин туралы естелік. Қазан, В.М.Ключникова Типолитографиясы, 1891. – 46-47 б.
4. Алекторов А. Письменная литература казахов. В кн. Астраханский вестник, 1894. №1377.
5. Алекторов А. Очерк из историй развития инородного образования в России // Журнал Народного просвещение. 1904. №7, с.28-46 б.
6. Иманбекова Б., Р.Башарұлы, Алтынсарин мұраларының зерттелу жайы. Ыбырай Алтынсарин. Шәкәрім Құдайбердіұлы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. – 73 б.
7. Эфиров А.Ф. Педагогическая деятельность Ибрая Алтынсарина. – Советская педагогика. 1945. №4. с.28-33.

8. Эфиров А.Ф. Нерусские школы Поволжья. – Приуралья в Сибири. М., 1948. с.53.

9. Эфиров А.Ф., Бакиев М.К.. Очерк по истории педагогики. М., 1952. с.270-272.

10. Артамонова Е.Р. Кеңестік жас ерекшелік және педагогикалық психологиядағы Ы.Алтынсариннің психологиялық-педагогикалық мұрасының сабақтастығы. Тезисы докладов и сообщений на республиканской научно-практической конференции Педагогическое наследие И.Алтынсарина и проблемы современной школы (к 150-летию со дня рождения) – Алматы: «Рауан», «Демеу» 1991. с. 127-129.

## ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ С ОДАРЕННЫМИ ДЕТЬМИ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ

Домничева Людмила Казимировна  
учитель географии,  
ГУ «Средняя школа №7 отдела образования  
акимата города Костаная»

*«Одарённость – генетически обусловленный компонент способностей, развивающийся в соответствующей деятельности или деградирующий при её отсутствии».*

*К.К. Платонов.*

Коренные преобразования, которые происходят во всех сферах жизни современного общества, коснулись и образования. Сегодня образование должно стать основой духовного, социального, экономического, культурного развития общества, поэтому повышение образовательного уровня населения особенно важно.

Стратегическим направлением развития образования в республике становится создание благоприятных условий для формирования высокообразованной, конкурентоспособной личности с этическим отношением к миру, творческим типом мышления, развитой мировоззренческой культурой, сохраняющей при этом свою уникальность, неповторимость, одаренность в различных сферах наук и искусства. К большому сожалению, далеко не каждый человек способен реализовать свои способности. «Гений падает с неба...», – это цитата Дидро. Но в ней есть и продолжение: «И на один раз, когда он встречает ворота дворца, приходится сто тысяч случаев, когда он попадает мимо». Значит, таковы условия этого дворца, как правило, создание их – это вторая задача.

Дети, склонные к высоким достижениям, могут и не демонстрировать их сразу, но иметь потенциал к ним. Очень многое зависит от семьи и от

## МАЗМУНЫ

### СОДЕРЖАНИЕ

1	<i>Әбіл Е.А.</i> Вступительное слово.....	4
2	<i>Утегенова Б. М.</i> Непрерывность как стратегия современного профессионального образования при взаимодействии науки, образования и школы.....	5
3	<i>Онищенко Е.А.</i> Организация исследовательской деятельности учителя как социальное партнерство школы и вуза.....	8
4	<i>Шоканова Л. Ш.</i> Использование внешних связей в профессиональном самоопределении учащихся.....	12
5	<i>Быкова Ю. А.</i> Профессиональная поддержка педагогов в подготовке учащихся к олимпиадам и исследовательской деятельности.....	15
6	<i>Ахметов Т. Ә.</i> Кеңес Одағы ғалымдары Ыбырай Алтынсарин туралы.....	19
7	<i>Домничева Л. К.</i> Из опыта работы с одаренными детьми на уроках географии.....	25
8	<i>Ермаганбетова А. Ж.</i> Болашақ педагогтардың рефлексиялық күзіреттіліктерін қалыптастыру .....	33
9	<i>Захарова Н. Н.</i> «Детские исследования – это важно!».....	36
10	<i>Иванова Е. Н.</i> К вопросу формирования социально-нравственной направленности студентов педагогического вуза .....	39
11	<i>Калиев Д. Д.</i> Дебат технологиясын оқу үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктері.....	42
12	<i>Курманбаева И. С., Батура Л. В.</i> Система работы с талантливыми и одаренными учащимися.....	47
13	<i>Нургалиева А. Ж.</i> Система работы с одаренными детьми.....	57
14	<i>Нургалиева А. Ж.</i> Система учителя русского языка и литературы.....	62
15	<i>Озолина Е. А.</i> «Использование электронных образовательных ресурсов в начальной школе».....	64
16	<i>Саин Д. А., Беркенова Г.</i> Жоба әдісінің кәсіптік оқыту мұғалімдерін дайындаудағы маңызы.....	67
17	<i>Смагулова Г. Г.</i> Оқушыларды олимпиада мен зерттеу іс-әрекетіне дайындауда мұғалімдерге кәсіби қолдау.....	70
18	<i>Сметанюк Н. Ю.</i> «Формирование универсальных учебных действий школьников при подвижном способе организации учебного занятия в начальной школе».....	72
19	<i>Смирнова Т. В.</i> Работа с одарёнными детьми. «Гениями не рождаются».....	74
20	<i>Ульжебаева Л. К.</i> Дарынды балалармен жұмыс түрлері.....	78

21	<i>Шалгимбекова А. Б., Салыкова А. Д.</i> Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың сапасын арттыруда әлеуметтік серіктестіктің рөлі.....	86
22	<i>Шужебаева А. И., Мнайдарова С. С.</i> Педагогическое сотрудничество и общение как средства коррекции агрессивного поведения детей.....	92